# САБАҚ ЖОСПАРЫ

| | |
|---|---|
| **Пән** | Қазақ әдебиеті |
| **Мұғалім** | Балпекова Гүлмира |
| **Мектеп, сынып** | Павлодар қаласы, №1 жалпы орта мектеп, 9-сынып |
| **Сабақ тақырыбы** | Асан Қайғының Жерұйықты іздеу |

www.bilimland.kz

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру және дамыту. Жаңа сөздердің, суреттердің, видео көмегімен мәтін жайлы кеңінен баяндау. Оқушылардың тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін, қызығушылықтарын арттыру. Оқушыларды табиғат ғажаптарын құрметтеуге тәрбиелеу. |
| **Міндеттері** | Жаңа сөздерді меңгерте отырып, мәтінге сұрақтар дайындауға, өз ойын еркін жеткізе білуге жағдай жасау.<br>Берілген материалдарды өмірдегі жағдайлармен салыстыра, байланыстыра отырып, тілдесім әрекетін ұйымдастыру.<br>Сабақта АКТ-ды қолдана отырып ақпараттық құзыреттіліктерін арттыруға жағдай жасау. |
| **Сабақтың түрі** | жаңа сабақ. |
| **Сабақтың әдісі** | сұрақ-жауап, әңгімелеу, өздік жұмыс. |
| **Сабақтың көрнекілігі** | суреттер, сөздік, глоссарий, видеокөрініс, мәтін жазылған парақтар, Activstudio бағдарламасы, *activote* , *«aktivslate»* құралдары, интернет. |

## Сабақтың барысы

| | |
|---|---|
| **I. Ұйымдастыру кезеңі** | - Сәлеметсіңдер ме, балалар!<br>- Отырыңдар.<br>- Сыныпта кім кезекші?<br>- Сабақта кім жоқ?<br>- Көңіл-күйлеріңіз қалай?<br> |

| | |
|---|---|
| | |
| **II. Үй тапсырмасын тексеру** | - Үйге қандай тапсырма берілді?<br>(үй тапсырмасын тестілеу арқылы тексеріп шығу).<br>Спикерлер бағаларын бағалау парағына енгізіп отырады.<br>Оқушылардың өткен сабақты қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында интерактивті тақтаның *«сұрақ-жауап»* деп аталатын мүмкіншілігі пайдаланылды. Бұл мүмкіншілік барлық оқушылардан бір уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Ол үшін интерактивті тақтаның арнайы *activote* құралдары қолданылады. Тез, аз уақыттың ішінде оқушылардың білімдерін тиімді анықталады. Тестілеудің нәтижелерін құрылған график арқылы тексеріліп, сол уақытта бағаланады.<br>Бұл жүйе тұйық оқушылардың ойын білдіріп, білімі нашар оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушылар жауаптарын құпия түрде біле алады. Осы аталған бағдарламалардың мүмкіндіктерін сабақта қолдану мұғалімнің уақытын үнемдеп, оқушыларды қазақ әдебиетін білуге қызықтыра түседі. |
| **III. Жаңа сабақ** | 3.1. **Оқушылардың білімін өзектендіру кезеңі.**<br>Балалар, біз өткен сабақта не өттік? Кім туралы?<br>- Ол әдебиеттің қай дәуіріне жатады?<br>- Қазақ хандық дәуір әдебиеті қашан пайда болды?<br>- Асан қайғы қай ғасырда өмір сүрген?<br>- Асан қайғы іздеген жер қалай аталады?<br>Балалар, тақтада не көріп отырсыңдар? Суреттер арқылы сабақтың тақырыбына шығады.<br>Сонымен біздің сабақтың тақырыбы қандай?<br><br>**Гиперсілтеме арқылы тақырып жазылған телеграф лентасы қосылады.**<br><br>3.2. «Асан қайғы» сөзіне ассоциация құру. Оқушылар тақтаға шығып, аспап панеліндегі құралдарымен, әртүрлі түстермен жазады. Тақтаны қолдану арқылы оқушылардың қызығушылығын, интеллектуалдық танымын, білім сапасын арттыруға болады.<br><br><br><br><br>3.3. Тақырып бойынша Асанқайғының жерұйықты іздеуі туралы бейнефильм көрді. Түсінгендерін айтып беру. |

http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&opt%5Bstructure%5D%5B1604%5D=1&opt%5Bstructure%5D%5B2192%5D=1&p=3&pn=6&lesson=15255 (оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық құзыреттіліктері қалыптасады).

3.4. Сөздікпен жұмыс.
а) гиперсілтеме арқылы мұғалімнің дауысымен жазылған жаңа сөздерді тыңдайды;
Activstudio бағдарламасында дайындарған флипчартпен жұмыс.




ә) сөздерді хормен, жекелеп оқытып шығады;
б) тақтаның «перде» деген мүмкіндігін қолдану арқылы жаңа сөздер меңгертіледі;
в) аудармасымен, қолданылу аясымен таныстыру;
г) сол сөздерді қатыстыра отырып, сөз тіркестерін, сөйлемдер құрату.

3.5. https://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&p=24&pn=6&lesson=15255 сайтында берілген «глосариймен» таныстыру.

3.6. Мәтінмен жұмыс.
а) http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&p=24&pn=6&lesson=15255 сайтында берілген шығарманың аудионұсқасын тыңдайды. Оқушыларға есту, көру, сезім мүшелері арқылы мәтінді меңгерту мақсатында таратылған мәтінді оқиды. (мәтінмен жұмыс жасау барысында орындалған тапсырмалар оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық, мәселенің шешімін табу құзыреттіліктерін қалыптастырады).

б) Топпен бірігіп мәтіннен кілтті сөздерді жазып, алдыңғы жазған ассоциацияларын толықтырады.
в) Топта жоспар құрастырады. Бір оқушы (спикер) қорғайды. Басқа топтар қателерін түзетеді.
г) Әр топ өздерінің құрған жоспарын қолдана отырып:
**1-топ** – мәтінді мазмұндайды,
**2-топ** – диалог құрып, оқушылардың алдына шығып айтады (оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі қалыптасады),
**3-топ** – постер жасап, қорғайды (оқушылардың коммуникативтік, ақпараттық, мәселенің шешімін табу құзыреттіліктері қалыптасады).

3.7. Сергіту сәті.




Бағалау критерийлері беріледі. Оқушылар орындарында отырып, бағаларын «aktivslate» құралы және қалам арқылы интербелсенді тақтада жазады және топқа жеке берілген бағалау парағына бағаларын қояды.




3.8. Мәтінге байланысты тапсырмаларды орындау.

**Өздік жұмыс.**

| | |
|---|---|
| | А) http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&p=24&pn=6&lesson=15255 сайтында берілген 1-тапсырманы орындайды. Берілген сөйлемдерді сәйкестендіру. Дұрыс жауаптарын өздері батырма арқылы тексереді.<br><br>Б) http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&p=24&pn=6&lesson=15255 сайтында берілген 2-тапсырманы орындау. Сөйлемдердің дұрыс-бұрыстығын анықтау. Дұрыс жауаптарын өздері тексереді. Бағаларын бағалау парағына енгізіп отырады. |
| **4. Бекіту** | Бес жол өлең жазу.<br><br>(қорғайды)<br><br><br><br><br>Оқушыларды тестілеу. http://itest.kz/exam_test?test_id=456133967<br>Тестің 1-5 сұрақтарына жауап беру. |
| **5. Қорытынды** | Сонымен, балалар, бүгінгі сабақты қорытындылаймыз. Сабақта не білдік? |
| **7. Бағалау** | Әр топтың спикері бағалау парағынан өз тобының бағаларын қорытындылап, айтып шығады. Мұғалім олардың қойған бағаларын түзетіп, өз бағасын қояды.<br><br>**Қолданылған әдебиет**<br><br>1. С.Ч. Тұрсынғалиева, Ә.С. Берекенова «Қазақ әдебиеті» 9 сынып, Астана «Арман - ПВ» 2013 ж.<br><br>2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №3, 2014 жыл, №5 2014 жыл.<br><br>3. http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&p=24&pn=6&lesson=15255 |

| | |
|---|---|
| | 4. http://www.bilimland.kz/kk/content/category/free#opt%5Bpay_status%5D%5B1%5D=1&opt%5Bstructure%5D%5B1604%5D=1&opt%5Bstructure%5D%5B2192%5D=1&p=3&pn=6&lesson=15255<br><br>5. http://itest.kz/exam_test?test_id=456133967 |